

№ 66/ \_\_\_\_\_ **БАҚЫЛАУ МЕН ҚАДАҒАЛАУ СУБЪЕКТІСІНЕ (ОБЪЕКТІСІНЕ) БАРУ АРҚЫЛЫ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АКТІ**

Жетісай ауданы  
Актіні толтыру орны

02.04.2025 ж.  
Уақыты 14:49

1. Мемлекеттік бақылау және қадағалау органының атауы "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Түркістан облысының төтенше жағдайлар департаменті Жетісай ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі

2. Тексеру жүргізуге негіз болған бару арқылы профилактикалық бақылау тағайындау туралы актінің нөмірі мен күні 11.03.2025 ж. № 66

3. Бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы  
САРТБАЕВ КАНАТ ЖУМАГЕЛДИЕВИЧ - Бөлім бастығы  
ДОСАЕВ ҚАНЖАРБЕК СӘРСЕНБАЙҰЛЫ - Жетісай ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы  
САПАРХАН ДУМАН МЫРЗАМҰРАТҰЛЫ - Жетісай ауданы ТЖБ бас маманы  
БӨРИЕВ МАРАТ ОРАЗАЛЫҰЛЫ - Инженер  
ӘЛІМ МАДИЯР БИЖІПТҰЛЫ - Аға инженер

4. Бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу кезінде қатысқан тексеру субъектісінің атауы, жеке және заңды тұлғаның уәкілетті адамының тегі, аты, әкесінің аты (ол болғанда) және оның лауазымы)  
Түркістан облысының білім басқармасының Жетісай ауданының білім бөлімінің «№36 негізгі орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

**Бару арқылы профилактикалық бақылау объектінің атауы/ объектінің мекен-жайы:**  
Жетісай ауданының білім бөлімінің «№36 негізгі орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Қараөзек, И.Аққұлұлы (көшесі), 5.

5. Бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу 01.04.2025 - 02.04.2025

6. Бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша мәліметтер, оның ішінде анықталған бұзушылықтар, олардың мінездемесі (қысқаша мазмұны) Бұзушылықтар анықталды  
Бұзушылықтар анықталды.

Жетісай ауданының білім бөлімінің «№36 негізгі орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

№	Анықталған бұзушылықтар тізімі (Тексеру нәтижелері бойынша мәліметтер, оның ішінде анықталған бұзушылықтар, олардың мінездемесі)	Бұзушылықтар анықталған тексеру парағының атауы және орындалуға жатытын талаптардың тармақтары
1	Мектепте өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты адам бұйрығы ұсынылмаған. Негіз: 21.02.2022 ж. «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» ҚР ТЖМ №55 бұйрығының 4 - тармағы.;	1 т. Санатына, мақсатына және қызмет түріне қарамастан, объектіге қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы
2	Өрт қауіптілігіне сай өртке қарсы режимді қамтитын өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықтар қаралмаған. Негіз: Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы	2 т. Санатына, мақсатына және қызмет түріне қарамастан, объектіге қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы

	ҚР ТЖ министрінің 21.02.2022 ж. №55 бұйрығының 5 тармағы.;	
3	Кезекші персоналда оған жүктелген функцияларға сәйкес ғимарат есіктерінің барлық құлыптарынан кілттер жиынтығы толық қарастырылмаған. Негіз: 21.02.2022 ж. «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» ҚР ТЖМ №55 бұйрығының 10 - тармағы.;	6 т. Санатына, мақсатына және қызмет түріне қарамастан, объектіге қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы
4	Өрт болған жағдайда адамдарды эвакуациялау жоспарлары талапқа сай әзірленбеген. Дәлізге әр 20 м сайын ілінбеген. Негіз: 21.02.2022 ж. «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» ҚР ТЖМ №55 бұйрығының 12 тармағы.;	8 т. Санатына, мақсатына және қызмет түріне қарамастан, объектіге қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы
5	Мекеменің кезекші персоналдар электр фонарьларымен қамтамасыз етілмеген. Негіз: 21.02.2022 ж. «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» ҚР ТЖМ №55 бұйрығының 13 – тармағы.;	10 т. Санатына, мақсатына және қызмет түріне қарамастан, объектіге қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы
6	Мектеп аумағы жанғыш қалдықтардан, коқыстан, түскен жапырақтардан, жанғыш коқыстан және басқа жанғыш материалдардан тазартылмаған. Негіз: 21.02.2022 ж. «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» ҚР ТЖМ №55 бұйрығының 59 – тармағы.;	23 т. Санатына, мақсатына және қызмет түріне қарамастан, объектіге қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы
7	Мектептің эвакуациялау жолдарындағы "Шығу" деген көлемдік жарықтандыратын өрт қауіпсіздігі белгілері жарық индикациясы қосылған күйде ұсталмаған. Негіз: Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы ҚР ТЖ министрінің 21.02.2022 ж. №55 бұйрығының 35 тармағы. ;	62 т. Санатына, мақсатына және қызмет түріне қарамастан, объектіге қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы
8	Мектеп ғимаратының кабинетінде электр шәйнектерді қолдануға жол берілген. Негіз: 21.02.2022 ж. «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» ҚР ТЖМ №55 бұйрығының 86 – тармағы.;	77 т. Санатына, мақсатына және қызмет түріне қарамастан, объектіге қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы
9	Сымның талсымдарын жалғау, ұштау және тармақтауды өртке қатысты қауіпті ауыспалы кедергілерді болдырмау үшін сығымдау, дәнекерлеу, балқытып біріктіру немесе арнайы қысқыштар көмегімен жүргізілмеген. Негіз: 21.02.2022 ж. «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» ҚР ТЖМ №55 бұйрығының 80 – тармағы.;	83 т. Санатына, мақсатына және қызмет түріне қарамастан, объектіге қатысты өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы

7. Бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізген лауазымды тұлғаның (тұлғалардың) қолы

К. Досаев

Ж.Н.

8. Бару арқылы профилактикалық бақылау субъектісінің уәкілетті тұлғасының, сондай-ақ, тексеру барысында қатысқан тұлғалардың актімен танысуы немесе танысудан бас тарту туралы мәліметтері, қолдары немесе қол қойудан бас тарту

9. Бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижесі бойынша ескертулер және (немесе) наразылықтар

Қосымша « \_\_\_\_ » парақта

« 02 » 04 2025 ж.



Ескерту: Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексінің 152-бабының 2-бөлігіне сәйкес тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтар бойынша қосымша уақыт және (немесе) қаржы шығындары қажет болған жағдайда, Сіз үш жұмыс күнінен кешіктірмей бұзушылықтарды жою мерзімін ұзарту туралы арыз беруге құқылысыз. Арызда бұзушылықтарды жою бойынша қабылданатын шаралар мен бұзушылықтарды жою мерзімін созудың объективті себептерін көрсету қажет. Тексеру жүргізген мемлекеттік орган үш жұмыс күнінен кешіктірмей арызда көрсетілген мән-жайларды ескере отырып бұзушылықтарды жою мерзімін ұзарту немесе ұзартудан бас тарту туралы дәйекті шешім қабылдайды.